

3. Всеобщая декларация прав человека Принята резолюцией 217 А (III) Генеральной Ассамблеи ООН от 10 декабря 1948 года / http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declhr.shtml
4. Мельникова, Э.Б. Ювенальная юстиция. - М., 2001. - 272 с.
5. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.08.2017 г.) / http://online.zakon.kz/m/document/?doc_id=31575252
6. Гражданский кодекс Республики Казахстан от 27 декабря 1994 г. (по состоянию на 01.10.2017 г.) / https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1006061#sub_id=230000
7. Кодекс Республики Казахстан от 26 декабря 2011 года № 518-IV «О браке (супружестве) и семье» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.10.2017 г.)
8. Микитова Е. Ребенок как специальный субъект правовых отношений // Право и жизнь. Независимый правовой журнал. – 2001. - № 43. - С. 11-24.
9. Конституция Республики Казахстан от 30.08.1995 г. (с изменениями и дополнениями от 7.10.1998 г., 21.05.2007 г., и 02.2.2011г., 10.03.2017 г.). – /http://www.akorda.kz/ru/official_documents/constitution
10. Теория государства и права. Курс лекций. /Под ред Матузова Н.И., Малько А.В.- М.-2001.- 776 с.
11. Чиркин В.Е. Конституционное право Российской Федерации. - М.: Норма, 2007. — 784 с.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫНЫҢ ТҮСІНІГІ

*Жүсіпова А.С., заң факультетінің магистранты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ
Ботагарин Р.Б., PhD, аға оқытушы, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Кез келген мемлекет қызметінің негізгі бағыты адам құқығының басымдылығынан туындайды. Себебі мемлекет өкімет органдарының басты міндеті – адамның қадір-қасиетін, ар-намысын, құқықтары мен бостандықтарын тануын, сақтау және қорғау болып табылады. Сондықтан адамға байланысты оның құқықтық жағдайын анықтайтын құқықтық нормалардың маңызы өте зор.

Адам мен адамзаттың құқықтық жағдайы (мәртебесі) дегеніміз, әдеттегінен оның құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы. Шын мәнінде, бұл адам мен азаматтың құқықтық мәртебесінің басты мазмұны болып табылады. Бірақ та оған өзгеше құқықтық факторлар әсер ететінін әрдайым естен шығармауымыз керек. Олар – азаматтық қағидалар, құқық пен бостандық кепілдіктері. Адамның құқықтары мен міндеттері көптеген құқық салаларында тұжырымдалған. Солардың ішінде адамның қоғамдық жағдайын дәріптеуде мемлекеттік құқық саласының атқаратын рөлі ерекше. Әсіресе, адамның, азаматтың құқықтық мәртебесінің негізгі Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген. Оған мыналар кіреді: азаматтылық, адам мен азаматтың құқықтық жағдайының конституциялық принциптері, олардың негізгі құқықтары мен бостандықтары. Бұл адамның құқықтық жағдайының басты элементі, ядросы. Адам және азаматтың мәртебесінің негіздері Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-бөлімінде орын алуы оның жоғарғы маңызды орында екендігінің куәсі [1].

Азамат құқықтары адам құқықтарының бір түрі болып табылады. «Тұлға» ұғымы «адам» ұғымынан не ғылымда, не заңнамада ажыратылмаған. Көп ғалымдардың ойы бойынша адамның «құқықтары» мен «бостандықтары» синоним ұғымдар болып табылады. Осы саладағы ұғымдардың (адам, азамат, тұлға, бостандық, құқық) көп болуына қарамастан олардың құқықтық айырмашылықтары жоқ, ал түрлі ұғымдардың болуы тарихи немесе моральдық себептерге байланысты. Демек, адам құқықтары саласындағы құқық пен бостандық, адам-азамат-тұлға сияқты негізгі ұғымдардың арақатынасы жөнінде ғалымдар ортақ пікірге келе алмауда, бірақ ғылыми тұрғыдан көрсетілген ұғымдар бірдей мағынада қолданылып келеді.

Қазіргі кезде адам құқықтарының бірыңғай, ортақ анықтамасы болмай отыр, бұл болса оларды жүзеге асыру тәжірибесіне теріс ықпалын тигізетіні сөзсіз. Осыған орай зерттеуде «тұлға» мен «адам» ұғымына қатысты, адам құқықтарына қатысты анықтама ұсынылды.

Біздің ойымызша, адам құқықтарын тұлғаның жаратылыстан пайда болған әрі мемлекетпен камтамасыз етілетін әлеуметтік-экономикалық және саяси салалардағы игіліктерге еркіндік негізінде қол жеткізу мүмкіндіктері ретінде анықтауға болады. Әрине, бұл анықтаманың әмбебаптық сипаты жоқ, бірақ ол адам құқықтарының әр түрлі тұрғыдағы сипаттамаларын біріктіретін талпыныс ретінде ұсынылды. Сонымен, бұл ұсынылған анықтама бойынша әрбір адам игіліктердің белгілі бір көлеміне

талабы бар және осы талаптардың орындалуына қоғам мен мемлекет көмектесуі тиіс. Осы игіліктерге деген адамның талаптарын шартты түрде адам құқықтары деп атауға болады.

Тарихта адамның ажырамас абсолюттік құқықтары доктринасының ескі тәртіпті жоюды талап еткен түрліше революциялық ақыл-ойдың шабыттануы, ұлт-азаттық қозғалыстарының толқуыныңда қайта едәуірлеп отырғаны тегін емес. Мұның жарқын мысалдары ретінде Адам мен азамат құқықтарының декларациясын (Франция, 1789ж.), Тәуелсіздік декларациясын (АҚШ,1776ж.), «Құқықтар туралы билльді» (АҚШ,1791ж.) алуға болады. Адамның ажырамас абсолюттік құқықтары доктринасы көптеген қазіргі мемлекеттердің, соның ішінде АҚШ, Франция, Италия, Испанияның конституцияларында көрініс тапты. Қазіргі дамыған елдерде адамның құқықтары мен бостандықтары конституциялық жолдармен бекітілген, бұл мемлекеттің адамға байланысты басып-жаншу мен зорлық-зомбылық жасауына тыйым салып, оның дербестігін және адам құқықтарының мемлекетке қарағанда басымдылығын қорғайды.

Адамның табиғи ажырамас абсолюттік құқықтары доктринасының адамның ең жоғарғы құндылық екендігі туралы идеяны бекітуде оң рөл атқарғаны даусыз. Бұл тұрғыдан алғанда адамның табиғи ажырамас абсолюттік құқықтары мен бостандықтары идеяларының ҚР Конституциясында бекітіліп, онда адамның мемлекеттік саясаты салыстыру үшін бағдар қызметін атқаратынына ерекше назар аударылуы өте орынды.

1995 жылғы қабылданған қолданыстағы Конституциясының адам құқықтарын қорғау аясында алдыңғы Конституциясымен сабақтастығын сақтап, оның негізгі қағидалары,яғни адам құқықтары мен табиғи сипатын, халықаралық құқықтың жалпы жұрт мойындаған нормалары мен қағидаларының ішкі заңнамадан басымдылығын, мемлекеттің азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғауға міндеттілігін және басқа да көптеген мәселелерді бекітіп, дамытты. Қазақстандағы әлеуметтік заңнаманың жүйесі мен мазмұнының дамуына қайта құру және одан кейінгі кезеңдерде бірсыпыра факторлар әсер етті.

ҚР Конституциясында тек әлеуметтік мемлекеттің ғана емес, сонымен бірге құқықтық мемлекеттің де қағидалары дамытылады. Тұңғыш рет мемлекет пен тұлғаның қарым-қатынасы сот негізінде қойылды, барлық құқықтар мен бостандықтарды сотта қорғау құқығы бекітілді, заңға мемлекеттік органдар, азаматтар мен олардың бірлестіктері араларында туындайтын барлық дауларды сот жолымен шешу қағидасы енгізілді. 1997 жылы қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдарының қабылдануына орай 1995 жылғы Конституцияның талаптарына сай адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарына берілетін кепілдік кеңейтілді. Адамның құқықтары мен бостандықтары мен мүдделерін басымдылықпен қорғау қағидасын бекітудегі келесі маңызды қадам ҚР Конституциясының қабылдануы болды.

Конституцияда адамның құқықтары мен бостандықтарының үлкен тізімі бекітілген. ҚР Конституциясында бекітілген адамның құқықтары мен бостандықтары заңдардың, мемлекетті билік органдары мен олардың лауазымды тұлғаларының қызметтерінің мәнін, мазмұны мен қолданылуын белгілейді. Конституция құрамындағы бұл маңызды ережелер мемлекеттік органдардың қызметін реттейтін бөлімдердің алдында келтірілген, бұл мемлекеттің адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын ең жоғарғы құндылық деп санап, қоғамның оның мүдделерін мемлекет мүддесінен жоғары қоятынын білдіред. Қазақстан Республикасының Конституциясында адам мен азаматтың азаматтық және саяси құқықтары мен бостандықтарының бекітілуінің арқасында бұл құжат адамның дербестігін, жеке-дара мүдделердің әрекет кеңістігін қорғаудың құқықтық кепіліне айналды. Мемлекет барлығын бақылаушы ұйымының ролін атқаруға ұмтылмайды. Бұл Қазақстанда азаматтық қоғам орнатудың маңызды алғышарты болып табылады. Нақ осы тұлғаның белгіленген дербестігі оның қорғалғандығы, оның белсенді әрекеті және қоғам мен мемлекеттің проблемаларын шешуге қатысу үшін жағдайлар жасау егеменді Қазақстанда азаматтық қоғам қалыптастырудың негізі болмақшы.

Жалпы алғанда Қазақстан Республикасының Конституциясында тұлғаның еркін өздігінен дамуында көмектесетін адам құқықтыры мен бостандықтарының кең тізімі бекітілген. Бұл каталог жалпы халықаралық стандартқа сай келеді. Оның үстінде, Конституцияда бекітілген құқықтар мен бостандықтар абстракция емес, оларды қорғаудың және кепілдік берудің нақты механизмі бар. Аталған қағиданың Конституцияда бекітілуі Қазақстан Республикасының даму бағытын дұрыс таңдағанын дәлелдейді, өйткені тарих сабақтары қоғамдық мәселелерді шешу, әлеуметтік өзгерістер барысында адам мен оның мүдделері ұмыт қалған жағдайда осы өзгерістердің өз мағыналарын жоғалтып, қоғамдық прогреске кедергі болатынын талай мәрте дәлелдеді.

Қазіргі заманда адамның бостандығы басқаша түсініледі. Адамның бостандығы тек белгілі бір әрекеттер жасау және оларды іске асыруда кездесетін кез-келген кедергілерді жоюдан ғана

құралмайды. Адамның бостандығы көрініс табатын маңызды тұстардың бірі жауапты шешімдерді қабылдау екендігі. Бұл адамның санасы мен мәдениеттің даму деңгейінің аса жоғары болуын қажет етеді.

Осылайша, қазіргі адам құқықтарының тұжырымдамасы мына қағидаларға негізделеді: адамның өзінің дербес дүниесі бар, оған ешқандай биліктің қол сұғуына болмайды; өзінің құқықтарын қорғай отырып, адам мемлекетке өзінің талаптарын қоя алады; адамға оның құқықтары мен бостандықтарын құдай да, мемлекетте сыйлаған емес, сондықтан да оларды адамның табиғи құқықтары деп атайды.

Адам құқығы ол дүниеге келген сәтінен бастап пайда болады, оның өмір сүруіне қажетті жағдай, әрі қарай дамуына мүмкіндіктер туғызады, мемлекет тарапынан қол сұғушылыққа жол берілмейді, тіптен адам табиғаты талап етіп отырған өмір сүру құралы және мақсаты болып табылады. Адам құқығы – адамның нақты бір қоғам мүшесі ретінде өз қажеттіктерін қанағаттандыру үшін әрекеттенуінің алғышарты ретінде қайталанбас өзіндік, өз алдына тәуелсіз тұлға ретінде орынқытырудың тәсілі болып табылады. Жеке тұлғаның қоғамға қатыстылығы, оның еріктілігі, бостандығының шамасы, әрекеттерінің шеңбері құқықтық және өзге де әлеуметтік нормалармен белгіленген. Адам құқығы – оның негізгі материалдық және рухани құндылықтарға қол жеткізу, өзінің мүмкіндіктері мен дарынын қанағаттандырудың құралы болып табылады [2, 13]. Адам өзінің құқықтары үшін ешқандай құдай немесе зайырлы билікке қарыздар емес. Ол ешуақытта да мені жарылқап, маған құқықтар мен бостандықтар берді деп бас июге, ешкімнің алдында өзін мәңгілік борышкермін деп сезінбеуге тиіс. Адамның қадір-қасиеті оған, адамға, өзінің құқықтары мен бостандықтарының түйірлерімен пайдаланғандығы үшін кімге де, неге де болса да құлшылық етіп, бас ұрумен сыйымсыз. Олар оған оның тек адам болғаны үшін ғана тиесілі.

Егер кісі өзінің қандай да болмасын моральдық құқығының бұзылғаны туралы алап-арыз қоярда өзінің ондай құқықтарға иелік етуін дәлелдеуге тиіс болса, адам құқықтарына байланысты мұндай дәлелдеудің қажеттілігі жоқ, өйткені олар оған тумысынан тиесілі.

Саяси құқықтар мен бостандықтар адам және азаматтардың негізгі конституциялық құқықтық топтардың бірі және әлеуметтік, экономикалық және өзге де жеке құқық бере отырып, елдің қоғамдық және саяси өміріне араласуға мүмкіндік береді. Елді қорғау құқықтар мен міндеттілігі, ақпарат бостандығы, өтінім құқығы, жиналыс, бірлесу, сайлау құқықтарына иелене отырып, қоғам мен мемлекеттің басқаруына қатысу құқығын кең көлемде қамтиды. Саяси құқық ол нақты белгілі бір мемлекетпен немесе мемлекеттің өзімен қарым - қатынастарға түсуі. Саяси құқықтар мен бостандықтардың түсінігі - азаматтың субъективтік құқығы және бостандықтарының маңызды категориясы. Демек, азаматқа мемлекеттің саяси- қоғамдық өміріне және мемлекеттік билікке қатысу мүмкіндігін береді. Азаматтардың саяси құқықтары басқа да құқықтардың жүзеге асырылуының бірден-бір шарты болып табылады. Республикадағы адам және азаматтарға қандай да бір саяси құқықтар мен бостандықтар беру - демократиялық, құқықтық мемлекеттің негізгі белгісі. Мұндай құқықтарды жүзеге асыру әр түрлі нысандарда кездеседі. Әрине осы құқықтардың толық әрі жетік дамыту жолында мемлекетімізде ерекше даму эволюциялар орын алды.

Өзіндік жолға түскеннен кейін Қазақстан құқықтық мемлекет идеясын тез қабылдады. 1991.16.12 қабылданған «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында Қазақстан Республикасының тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет деп жариялады. Құқықтық мемлекеттің маңызды белгісі болып мемлекеттің адам құқықтары мен бостандықтарын жоғары құндылық деп танылтуы мен бекітілуі табылады. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңды жасау барысында, авторлар ең алдымен қазақстандық қоғамда негіз қалаушы болатын саяси - құқықтық қағиданы бастауға алады. Осылай конституциялық заңның негізіне келесі жағдайлар мен қағидалар енгізілді: тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының жоғары тұруы.

Тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғау, олардың мәртебесі Конституциялық заңның негізіне қаланған маңызды белгілердің бірі болып табылады. Бұл заңның жағдайы - егеменді Қазақстанның демократиялық дамуы үшін қағидалы мағынаға ие болатын адам құқықтарының Жалпы Декларацияда және т.б. танылған халықаралық құқық нормаларында бекітілген тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының мәртебесін мемлекеттің тануы туралы [3].

Адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының Декларациясын қабылдаудан кейін Қазақстанда адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жоғары құндылық ретінде тануға және кепілдік берілуге құқықтық жүйенің бет бұрылыс шеңберіндегі кезеңі басталды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттің адамға және азаматқа деген қатынастары туралы жаңа жағдайды мазмұндайды. Конституцияның маңызды ерекшелігі болып адамның және азаматтың құқықтық мәртебесін жариялау табылады. Онда адамның да, азаматтың да

құқықтары, бостандықтары, міндеттемелері бекітілген. Бірақ олардың арасындағы құқықтық мәртебе нақты өткізілген. Заң шығарушы Конституцияның тиісті баптарының мәтіндерінде «Арнайы» түзетулерді пайдаланады: «әрбір адам», ал азаматтарға қатысты: «азаматтардың құқықтары жоқ», «азамат міндетті», «азамат кепіл береді». Егер 1993 жылғы Конституцияға назар аударсақ, онда бұл Конституцияда азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтары көзделген. Бірақ «адам» түсінігінің жоқ болуын көруге болады [4; 23]. Конституцияның нормалары әлемдік заңшығарушылық тәжірибеге сәйкес демократиялық салт-дәстүрмен декларацияланған адамның пиғылықтарына көп сәйкес келеді. Адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтары демократиялық даму жолы бойынша прогрессивті қадам болып табылады және де ол, 1948 жылы БҰҰ-ң Бас Ассамблеясымен бекітілген адам құқықтарының Халықаралық декларациясына толығымен сәйкес келеді [5].

Конституцияның 1 бабына сәйкес адам, оның құқықтары және бостандықтары жалпы құндылық болып табылады адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын тану, сақтау, және қорғау - мемлекеттің міндеттемесі. Бұл бастапқы жағдай адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына арналған Конституцияның 2 тарауы «Адам және азамат» арнайы бөлімнің жағдайын анықтайды. Мұндағы қағидалар мен нормалар өркениетті мемлекеттің конституциялық тәжірибесін және Адам құқықтары туралы халықаралық құқық актілерінің мазмұнын ескере отырып құқықтар мен бостандықтар шеңберін елеулі кеңейтеді.

Осылай, 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясын бекітеді. Мемлекеттік биліктің жалғыз қайнар көзі болып халық табылады. Халық билікті тікелей республикалық референдум мен ерікті сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асырғандығы туралы мемлекеттік органдарға хабарлайды» [6; 9]. Берілген Конституциялық жағдай мемлекеттің демократиялық мінезін көрсетеді және бұл конституциялық - құқықтық (категория) санатына кіру арқылы Конституцияда бекітілген саяси құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыру арқылы билікті жүзеге асыру арқылы билікті жүзеге асыруға қатысады деген мәселе қаланған.

Қазақстан Ата заңының 1-бабында: «Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», деп атап көрсетілген. Осы заң сөздерді Қазақстанға әлемнің дамыған елдерінің қатарында тұруға моральдік құқық береді.

Адам құқықтары мен бостандықтары туралы заңдарды дамыту жолында Қазақстан басқа өркениетті елдердің тәжірибесін қолдана бастады. Соның бір айғағы ҚР Президентінің жарлығымен Президент жанында елдегі адам құқығы мен бостандығын сақтауға бақылау жасайтын, өкілеттік қызмет жөніндегі комиссияның құрылуы. Қоғамның өтпелі кезеңінде еліміздегі адам құқықтары жөніндегі заңдар қызметін үйлестіріп, олардың осал тұстарын ретке келтіріп, қалпына келтіруге қазақстандықтар комиссияға зор үміт артады. Бұрынғы кеңестік дәуірде азаматтар өз құқықтарын қорғау үшін жоғары билік орындарына, тіпті Коммунистік партияның Бас хатшысына жүгінетін. Қазіргі уақытта адамдар өздерінің бұзылған құқықтарын қорғау үшін құқық қорғау орындарына, сотқа, Адам құқығы жөніндегі комиссияға шағымданатын болды. Бұл біздің қоғамның құқықтық мемлекет құруға бет бұрғандығымызды көрсетеді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алып, дүниежүзілік қауымдастық қатарына қосылғаннан бері адам құқығына қатысты бірнеше халықаралық конвенцияларға қосылды. Қазақстан ең алдымен 1949 жылы қабылданған Женева конвенциясына (Конвенцияға қосылу ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 31-ші наурызындағы қаулысымен бекітілді), 1989 жылы қабылданған Сәби құқығы туралы конвенцияға (ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8-ші наурызындағы қаулысы) қосылды. Осы халықаралық конвенцияларға қосылып, Қазақстан адам құқықтары мен бостандықтары басты қазынасы болып саналатын, демократиялық ел болуға деген ұмтылысын бекіте түседі.

1992 жылы тәуелсіздіктің аспан-көк туын көтеріп, өзге мемлекеттермен терезесі тең мүше ретінде табалдырығынан аттаған БҰҰ-ның жарғылық қағидаларына адам құқығы – адамзаттың басты игілігі екендігі, сондай-ақ ерлер мен әйелдердің тең құқықтылығы, үлкен және ұсақ ұлттардың теңдігі, бейбітшілік пен қауіпсіздік сақтау үшін күш біріктіру арқау болып тартылған. Сондықтан да Бас Ассамблеяның 1948 жылғы 10-шы желтоқсанда қабылданған Жалпыға бірдей адам құқықтарының декларациясы негізінде мемлекеттердің ынтымақтастығын қалыптастыруда халықаралық үрдіске сай заңды міндетті сипатқа ие болып келеді. Осы Декларация кейінен тармақтала қосылып, жүйелене дамытылған, әрі сан-саналы мәселені, атап айтқанда, босқындардың мәртебесі (1951 ж), апартеид (1954ж), нәсілдік кемсітушілікті жою туралы (1965 ж) және басқа да халықаралық пактілерді қамтитын қайнар бастау іспетті. Осы құжаттарда Адам құқығы жөніндегі декларацияны жүзеге асыру үшін мемлекеттерде әрбір адам өзінің экономикалық, әлеуметтік, мәдени, сонымен қатар өзінің саяси-азаматтық құқықтарын емін-еркін пайдалана алатындай жағдай жасауға тиістігі ерекше аталып өткен.

БҰҰ Жарғысының аса маңызды ережесі дүниежүзілік қауымдастыққа адам құқықтарына басым көңіл бөлуді мойындауды және адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын барша адамның нәсіліне, жынысына, тілі мен дініне қарамастан құрметтеуді, халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруды міндеттеуі болып табылады. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы 200 тілге аударылып, көптеген елдердің Конституцияларына енгізілген Декларацияның басты мақсаты Қазақстан Конституциясынан да кең орын алған. Әсіресе декларациядағы: «Барлық адам болмысынан тең құқылы және азат болып туады. Барлық адамға ақыл-ой берілген, сондықтан бір-бірімен бауырмалдық қарым-қатынас жасаулары тиіс», - деген қағиданың біздің мемлекетімізде қолдану тапқандығының бір айғағы – жүзден астам ұлт өкілдерінің тіл табысып, тату-тәтті өмір сүруінде. Бүкіл әлемнің миллиондаған жұртшылығы – үлкендерді де, кішілерді де әманда осы құжаттар демеу тауып, көмек алатын болды. Күні бүгінге дейін дүние жүзіндегі барлық елдер бұл құжатты адам құқығын қастерлеудің ең жоғарғы эталоны ретінде бағалап, оны үлгі етіп келеді.

Сонымен қатар әрбір азамат өз пікірін білдіруге, ақпарат алу бостандығына деген құқығы басқа құқықтар мен бостандықтарды іске асыру үшін негіз болып табылады. Сөз бостандығы қоғамның демократиялығының белгісі және кепілі. Ал Қазақстан үшін – оның демократия жолымен алға басуының қаншалықты шынайы екендігінің және саяси реформалардың қандай деңгейіне жеткенінің көрсеткіші болып табылады.

Еліміз егемендік алып, Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекетке айналды. Тәуелсіз мемлекеттің бүгіндігін қорғап, ішкі және сыртқы саясатының да пәрмендігін арттыру үшін оның мызғымас заңы және заңды қорғайтын әділ сотының болуы басты шарт. Сот әділдігін жүзеге асыру мемлекеттік өкімет билігінің ерекше түрі. Азаматтар құқығы – заңдармен қорғалады, ал заңдар бұзылса әділ сот билігімен қорғалады. Сондықтан сотбилігі жүйесіндегі мәселелер тең қамтылып, заңдарымыз уақыт ағымымен сәйкестірілу бағытында. Жоғарыда айтқанымыздай Қазақстан Республикасы адам құқықтарын қорғау саласында оң қадамдар жасауда. Біздің республикамыз келешекте де адам құқығы жөніндегі айтулы халықаралық, экономикалық, әлеуметтік және саяси пактілерге қосылуға рет бұрып, үнемі басты назарда ұстауға кепілдік береді.

Адам құқықтары саласында қолданылып келе жатқан ұғымдардың (адам, азамат, тұлға, бостандық, құқық) көп болуына қарамастан олардың құқықтық айырмашылықтары жоқ.

Адам құқықтарының бүгінгі күнгі тізімі толық және жабық болып табылмайды: бұл тізімде бар құқықтар мазмұнының өзі өзгеруде және осы тізімге жаңа құқықтар ұсынылуда.

Қазіргі кезеңде халықты мемлекеттік биліктің жалғыз қайнар көзі ретінде жариялаудың өзіндік ерекшелігі, халық өз билігінің механизмін өзі құрады және де мемлекеттің барлық азаматтарына, қоғамның барлық мүшелеріне тарайды. Азаматтар олардың ұйымдары, ассоциациясы, билік етудің объектісі ретінде қарастырмау керек олар өздері билікті жүзеге асыруға белсенді қатысады. Аталмыш тақырыптың төңірегінде ашылмаған әрі даулы мәселелер қатары жеткілікті. Өзінің өзектілігіне қарай бұл мәселе тек заңгерлерді алаңдатып отырған жоқ, сонымен қатар жалпы қоғам мен мемлекет үшін де маңызды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда Республикалық референдумда қабылдаған. - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
2. Бонабаев Е.Ч. Қазақстан Республикасында жеке тұлға институтының даму динамикасы // Д.А. Қонаев атындағы Университеттің Хабаршысы. - 2012ж.- №1(42).-Б. 9-14.
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы. 1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған. - http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z910004400_
4. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы.-Алматы., 1999. – 245 б.
5. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған. - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001>
6. Тасболатов А. Бостандық пен құқық кепілі // Егемен Қазақстан, 2007, 6-б.